

Қазақстан Республикасының Құрылтайы және оның депутаттарының мәртебесі туралы

Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2026 жылғы 5 маусымдағы № 297-VIII ҚРЗ

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Конституциялық заң 01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Құрылтайының ұйымдастырылуы мен қызметін, оның депутаттарының құқықтық жағдайын айқындайды.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Құрылтайдың мәртебесі

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – заң шығару билігін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы.

2-бап. Құрылтай қызметінің құқықтық негіздері мен қағидаттары

1. Құрылтай өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Конституциялық заңға, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Құрылтайының Регламентіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Құрылтай өз қызметін Құрылтай сессияларында, оның органдары мен депутаттарының жұмысы арқылы іске асырады.

3. Құрылтайдың қызметі заңдылық, алқалылық, жариялылық, саяси әралуандық және оның депутаттарының теңдігі қағидаттарына негізделеді.

3-бап. Құрылтайдың өкілеттік мерзімі

1. Құрылтайдың өкілеттік мерзімі кезекті шақырылған Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі бойынша айқындалады.

Құрылтай депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл.

2. Кезекті шақырылған Құрылтайдың өкілеттігі оның бірінші сессиясы ашылған кезден басталады және келесі шақырылған Құрылтайдың бірінші сессиясының жұмысы басталған кезде аяқталады.

4-бап. Құрылтайдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату

1. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай Төрағасымен және Премьер-Министрмен консультациядан кейін Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай келісімімен тағайындалатын лауазымға Президент ұсынған кандидатураны тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған, сондай-ақ Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

3. Құрылтайды төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы кезінде, Президент өкілеттігінің соңғы алты айында, сондай-ақ алдыңғы таратудан кейінгі бір жыл ішінде немесе Қазақстан Республикасы Конституциясының 51-бабының 3-тармағында белгіленген жағдайда таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің Құрылтайды тарату туралы актісі қолданысқа енгізілген күн көрсетілген бір жылдық мерзімнің басталған кезі болып саналады. Бұл мерзім келесі жылдың тиісті айында және күнінде аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні көрсетілмеген айға тұспа-тұс келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

5-бап. Құрылтайдың құрамы

1. Құрылтай жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорциялы өкілдік жүйе бойынша сайланатын бір жүз қырық бес депутаттан тұрады.

2. Құрылтай депутаттарын сайлау тәртібі конституциялық заңда белгіленеді.

6-бап. Құрылтайдың өкілеттігі

Құрылтай:

- 1) конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдайды;
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті қарсылық білдірген заңдарды немесе заң баптарын қайта талқылап, дауысқа салады;
- 3) соғыс және бітім мәселелерін шешеді;
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін қолдану туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын жариялайды;
- 6) жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастама көтереді;
- 7) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Вице-Президентін тағайындауға келісім береді;
- 8) Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының Премьер-Министрін тағайындауға келісім береді;
- 9) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық Сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелерін тағайындауына келісім береді;
- 10) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлайды және лауазымынан босатады, олардың антын қабылдайды;
- 11) Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айырады;

12) Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының ұсынуымен Құрылтай депутатын қол сұғылмау кепілдігінен айыру мәселесін шешеді;

13) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы;

14) Конституциялық Соттың Қазақстан Республикасындағы конституциялық заңдылықтың жай-күйі туралы жыл сайынғы жолдауын тыңдайды;

15) жылына екі рет Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін тыңдайды;

16) Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін талқылайды және бекітеді;

17) Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есебін тыңдауға құқылы;

18) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау және үкімет сағатын өткізеді;

19) өз қызметінің регламентін қабылдайды және Құрылтайдың жұмысын ұйымдастыруға, ішкі тәртібіне байланысты мәселелер бойынша өзге де шешім қабылдайды;

20) Құрылтайдың үйлестіру органын және жұмыс органдарын құрады;

21) Құрылтай комиссияларын құрады, төрағаларын сайлайды және лауазымынан босатады, комиссиялардың қызметі туралы есепті тыңдайды;

22) Құрылтайға Қазақстан Республикасының Конституциясымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-бап. Құрылтайдың жұмыс тілдері

Құрылтай жұмысында тілдер Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес пайдаланылады.

8-бап. Құрылтайдың халықаралық ынтымақтастығы

Құрылтай шет мемлекеттердің парламенттерімен, халықаралық және парламентаралық ұйымдармен халықаралық ынтымақтастықты Құрылтай Регламентінде көзделген тәртіппен жүзеге асырады.

2-тарау. ҚҰРЫЛТАЙ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЫСАНДАРЫ

9-бап. Құрылтай сессиялары

1. Құрылтай сессиясы отырыс түрінде өткізіледі.

2. Құрылтайдың бірінші сессиясын Қазақстан Республикасының Президенті сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап отыз күннен кешіктірмей шақырады.

3. Құрылтайдың Төрағасы сайланғанға дейін оның бірінші сессиясының отырыстарына Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы төрағалық етеді.

4. Құрылтайдың кезекті сессиясы жылына бір рет, қыркүйектің бірінші жұмыс күні мен маусымның соңғы жұмыс күні аралығында өткізіледі.

Демалыс немесе мереке (ұлттық және мемлекеттік мерекелер) күндері болып саналмайтын күндер жұмыс күндері деп түсініледі.

5. Сессия Құрылтай отырысында ашылады және жабылады.

Құрылтай сессиясын, әдетте, Қазақстан Республикасының Президенті ашады, ал ол болмаған кезде Құрылтай Төрағасы ашады.

6. Құрылтайдың кезекті сессиялары арасындағы кезеңде Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен, Құрылтай Төрағасының немесе Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің ұсынысымен Құрылтайдың кезектен тыс сессиясын шақыра алады. Онда сессияны шақыруға негіз болған мәселелер ғана қаралуы мүмкін.

10-бап. Құрылтай отырыстары

1. Құрылтай отырысын Құрылтай Төрағасы шақырады.

2. Құрылтай отырысы Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі.

3. Құрылтай отырысы ашық түрде өтеді. Құрылтай Регламентінде көзделген жағдайда отырыс жабық түрде өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министрдің және Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының Құрылтайдың кез келген ашық, сондай-ақ жабық отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

4. Мемлекеттік органдардың және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды адамдарының отырысқа қатысу қажеттілігі туралы Құрылтай шешімі қабылданса, олар Құрылтайға келуге және өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қажетті түсінік беруге міндетті. Құрылтайдың Қазақстан Республикасының Президентіне және Вице-Президентіне қатысты осындай шешім қабылдауға құқығы жоқ.

11-бап. Құрылтай Төрағасы

1. Құрылтайды мемлекеттік тілді жетік меңгерген депутаттар арасынан Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен жасырын дауыс беру арқылы сайланған Төраға басқарады.

Құрылтай Төрағасының лауазымына кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті ұсынады.

Құрылтай Төрағасын сайлаудан қайта бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

2. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасы лауазымынан кері шақырып алынуы, сондай-ақ орнынан түсуі мүмкін.

Құрылтай Төрағасын атқаратын лауазымынан босату туралы мәселені Қазақстан Республикасы Президентінің Құрылтай Төрағасына ұсынуы негізінде не Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің бастамасы бойынша не Құрылтай Төрағасының жеке өтініші негізінде Құрылтай қарайды.

3. Құрылтай Төрағасы:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай сессиясын ашады;

2) Құрылтай отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

3) Құрылтайдың қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылық етеді;

4) Құрылтай Төрағасының орынбасарларын лауазымға сайлау үшін Құрылтайға кандидатуралар ұсынады;

5) Құрылтайдың қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) Құрылтай Бюросының қызметіне басшылық етеді;

7) Құрылтай шығаратын актілерге қол қояды;

8) өзіне осы Конституциялық заңмен және Құрылтай Регламентімен жүктелетін басқа да міндеттерді атқарады.

4. Құрылтайда дауыс беру кезінде депутаттардың дауыстары тең бөлінген жағдайда Құрылтай Төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

5. Құрылтай Төрағасының үш орынбасары болады, оларды Құрылтай Төрағасының ұсынуы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай сайлайды.

Құрылтай Төрағасының орынбасарлары Құрылтай Төрағасының уәкілеттік беруімен оның жекелеген функцияларын орындайды, сондай-ақ Құрылтай Төрағасы орнында болмаған немесе өз міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін емес жағдайда оның міндеттерін атқарады. Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда Құрылтай Төрағасының ұсынысы бойынша Құрылтай Төрағасының орынбасарлары лауазымынан кері шақырып алынуы мүмкін.

6. Құрылтай Төрағасы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкім шығарады.

12-бап. Құрылтайдың үйлестіру органы

1. Құрылтайдың үйлестіру органы – Құрылтай Төрағасының жанынан құрылатын Құрылтай Бюросы.

2. Құрылтай Бюросының құрамына Құрылтай Төрағасының орынбасарлары, тұрақты комитеттердің төрағалары, Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларының жетекшілері кіреді.

3. Құрылтай Бюросы:

1) Құрылтайдың тұрақты комитеттері мен комиссияларының жұмысын үйлестіреді;
2) Құрылтай үшін Құрылтай отырыстарында мәселелерді қараудың кезектілігі жөнінде ұсыныстар дайындайды;

3) бірнеше комитеттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша тұрақты комитеттердің бірлескен жұмысын ұйымдастыруға жәрдем көрсетеді;

4) осы Конституциялық заңмен және Құрылтай Регламентімен Құрылтайдың басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Құрылтай жұмысын ұйымдастырудың өзге де мәселелерін шешеді.

4. Құрылтай Төрағасы Құрылтай Бюросының отырыстарын қажеттілігіне қарай шақырады және олар Бюро мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болады.

5. Құрылтай Бюросының өкілеттігі, қызмет тәртібі осы Конституциялық заңда және Құрылтай Регламентінде айқындалады.

6. Құрылтай Бюросы өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

13-бап. Құрылтайдың жұмыс органдары

1. Тұрақты комитеттер мен комиссиялар – Құрылтайдың жұмыс органдары.

2. Тұрақты комитеттер заң жобалау жұмысын жүргізу, Құрылтайдың құзыретіне жататын мәселелерді алдын ала қарау және дайындау үшін құрылады.

3. Комиссиялар Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жағдайларда құрылады.

4. Тұрақты комитеттер мен комиссиялардың өкілеттіктері, қызмет тәртібі осы Конституциялық заңда және Құрылтай Регламентінде айқындалады.

5. Тұрақты комитеттер мен комиссиялар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қаулы шығарады.

Тұрақты комитеттер мен комиссиялардың қаулылары олардың мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

14-бап. Құрылтай жанындағы консультативтік-кеңесші органдар

1. Құрылтайдың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін оның жанынан консультативтік-кеңесші органдар құрылуы мүмкін.

2. Консультативтік-кеңесші органдарды құру тәртібі Құрылтай Регламентінде айқындалады.

3. Консультативтік-кеңесші органдардың шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

15-бап. Құрылтай өткізетін тыңдау

1. Құрылтай өз құзыретіндегі мәселелер бойынша тыңдау өткізеді.

2. Тыңдау Құрылтай Бюросының шешімі бойынша өткізіледі, ол тыңдау өткізуді дайындауға жауапты бас комитетті (комитеттерді) айқындайды.

Тыңдау ашық және жабық түрде өткізілуі мүмкін.

3. Тыңдау Құрылтай отырыстары кезінде өткізілмейді.

4. Құрылтайдағы оппозиция Құрылтай Регламентінде көзделген тәртіппен бір сессия ішінде кемінде бір рет тыңдау өткізуге бастама жасауға құқылы.

5. Тыңдау өткізу тәртібі Құрылтай Регламентінде белгіленеді.

16-бап. Үкімет сағаты

1. Құрылтайда мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша үкімет сағаты өткізілуі мүмкін.

2. Үкімет сағатын Құрылтай Бюросының шешімі бойынша тұрақты комитеттер өткізеді әрі ол ашық және жабық түрде өткізілуі мүмкін.

3. Үкімет сағатының күн тәртібіндегі мәселелерді Құрылтай Бюросы Құрылтайдың тұрақты комитеттерінің ұсынысы бойынша айқындайды.

Құрылтайдағы оппозиция бір сессия ішінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындауға құқылы.

4. Үкімет сағаты Құрылтай отырыстары кезінде өткізілмейді.

5. Үкімет сағатын өткізу тәртібі Құрылтай Регламентінде белгіленеді.

3-тарау. ҚҰРЫЛТАЙ АКТІЛЕРІ

17-бап. Құрылтай актілері

1. Құрылтай Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін заңдарды, оның ішінде конституциялық заңдарды қабылдайды.

Құрылтай өз құзыретіндегі өзге де мәселелер бойынша қаулы шығарады.

2. Заңдар мен Құрылтай қаулыларының Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болады.

3. Заңдар мен Құрылтай қаулылары Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмеуге тиіс. Құрылтайдың қаулылары заңдарға қайшы келмеуге тиіс.

4. Құрылтай өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамалық сипаты жоқ өтініштер, декларациялар мен мәлімдемелер қабылдауға құқылы. Оларды қабылдау тәртібі Құрылтай Регламентінде белгіленеді.

18-бап. Құрылтай Регламенті

1. Құрылтай Регламенті:

1) Құрылтайдың қызметін ұйымдастыруды;

2) Құрылтайдың үйлестіру, жұмыс және консультативтік-кеңесші органдарының қызметін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін;

3) Құрылтайда депутаттық бірлестіктерді, оның ішінде саяси партиялардың фракцияларын, сондай-ақ Құрылтайдағы көпшілік пен оппозицияны құру және олардың қызметін ұйымдастыру тәртібін;

4) Құрылтай отырыстарын өткізу шарттары мен тәртібін;

5) тыңдауды және үкімет сағатын өткізу тәртібін;

6) заң шығару бастамасы құқығын іске асыру тәртібін;

7) Құрылтайдағы заң шығару процесінің қағидаларын және Құрылтайдың жұмыс органдарында заң жобаларын талқылау тәртібін;

8) Құрылтай депутаттары мен лауазымды адамдарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыру тәртібін белгілейді.

2. Құрылтай Регламенті Құрылтай қаулысымен бекітіледі.

3. Құрылтай депутаттарының Құрылтайдың конституциялық өкілеттіктерін жүзеге асыруды мақсат етіп, Құрылтай Регламентін сақтамай өткізетін кез келген жиналысы заңсыз болады. Мұндай жиналыс қабылдаған актілер жарамсыз болады.

4-тарау. ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУ ПРОЦЕСІ

19-бап. Заң шығаруға бастама жасау

1. Заң шығаруға бастама жасау құқығы субъектісінің Құрылтай қарауға міндетті болатын заң жобасының мәтінін ресми түрде енгізуі заң шығаруға бастама жасау болып саналады.

2. Заң шығаруға бастама жасау құқығы тек қана Құрылтайда іске асырылады және ол:

1) заң жобасын арнаулы жолдау арқылы енгізетін Қазақстан Республикасының Президентіне;

2) заң жобасын ұсыну арқылы енгізетін Құрылтай депутаттарына;

3) заң жобасын қаулы арқылы енгізетін Үкіметке;

4) заң жобасын шешім арқылы енгізетін Қазақстан Халық Кеңесіне тиесілі.

3. Құрылтайға енгізілген заң жобалары Құрылтай Бюросының қаулысымен тиісті комитеттерге қарау үшін жіберіледі және осы заң жобалары бойынша Құрылтайдың тұрақты комитеттерінің қорытындылары болған кезде ғана олар Құрылтай отырысында қаралуы мүмкін.

4. Мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін заң жобалары Үкіметтің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Құрылтайға енгізілетін заң жобалары үшін мұндай қорытынды талап етілмейді.

5. Заң шығаруға бастама жасау құқығын іске асыру тәртібіне байланысты және осы Конституциялық заңда реттелмеген мәселелер Құрылтай Регламенті арқылы шешіледі.

20-бап. Құрылтайдың заң қабылдау жөніндегі құзыреті

Құрылтай:

1) жеке және заңды тұлғалардың құқық субъектісі болуына, азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттемелері мен жауаптылығына;

2) меншік режиміне және өзге де заттық құқықтарға;

3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын ұйымдастырудың және олардың қызметінің, мемлекеттік және әскери қызметтің негіздеріне;

4) салық салуға, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді белгілеуге немесе олардың күшін жоюға;

5) республикалық бюджетке, мемлекеттік қарыз, Қазақстан Республикасының экономикалық және өзге де көмек көрсету мәселелеріне;

6) сот құрылысы мен сот ісін жүргізу мәселелеріне;

7) рақымшылық жасау мәселелеріне;

8) білімге, ғылымға, мәдениетке, денсаулық сақтауға және әлеуметтік қамсыздандыруға;

9) кәсіпорындарды және олардың мүлкін жекешелендіруге;

10) қоршаған ортаны қорғауға;

11) Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысына;

12) мемлекет қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

13) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне;

14) халықаралық шарттарды ратификациялауға және денонсациялауға;

15) мемлекеттік наградалар мен құрметті атақтарға;

16) Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес өзге де мәселелерге қатысты аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттейтін, негіз құраушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін заң шығаруға құқылы.

21-бап. Құрылтайдың заң жобаларын қарауының кезектілігі мен мерзімдері

1. Құрылтайдың заң жобаларын қарауының кезектілігі мен мерзімдерін Құрылтай Бюросы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленген жағдайларда Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайға арнаулы жолдауымен заң жобаларын қараудың басымдығын айқындауға құқылы, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезекте екі ай ішінде қабылдануға тиіс дегенді білдіреді. Оларды қарау тәртібі Құрылтай Регламентінде айқындалады.

3. Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіптің сақталуына, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығару бастамасымен енгізген заң жобаларын Құрылтай дереу қарауға тиіс.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда Үкімет өзіне жауапкершілік ала отырып, Қазақстан Республикасы

Конституциясының 60-бабының 3-тармағында көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық акт қабылдауға құқылы. Мұндай акт Құрылтай қабылдаған заң күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заң жобаларын қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

22-бап. Конституциялық заңдарды, заңдарды және Құрылтай қаулыларын қабылдау

1. Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген мәселелер бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен заңды қабылдайды.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, Құрылтай қаулысы депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі заңда және Құрылтай Регламентінде реттеледі.

23-бап. Заңдарды Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсыну

1. Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғанға дейін заңдарды Құрылтай Төрағасы мен Премьер-Министр алдын ала қол қойып бекемдейді, оларға заңдардың Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкестігі үшін жауаптылық жүктеледі.

2. Құрылтай қабылдаған заң Құрылтай Регламентінде белгіленген тәртіппен он күн ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне қол қоюға ұсынылады.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтай ұсынған заңға бір ай ішінде қол қояды, заңды халыққа жариялайды не заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу үшін қайтарады.

Қазақстан Республикасы Президентінің заңдарға қол қоюы үшін берілетін бір ай мерзім Қазақстан Республикасының Президенті заңды алған күннен бастап есептеледі және келесі айдың тиісті күнінде (көрсетілген күні) аяқталады. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні көрсетілмеген айға тұспа-тұс келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қайтарылмаған заң қол қойылды деп саналады.

4. Егер Құрылтай сессиясы заңды Қазақстан Республикасы Президентінің қайтаруы ықтимал мерзім өткенге дейін жабылса, заң Құрылтайдың кезекті сессиясының алғашқы күні қайтарылады.

5. Заң, оның ішінде конституциялық заң Қазақстан Республикасының Президенті қол қойғаннан кейін күшіне енеді.

24-бап. Құрылтайдың Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығын қарауы

1. Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығымен қайтарылған заң немесе оның жекелеген баптары Құрылтайдың тиісті тұрақты комитеті қорытынды әзірлегеннен кейін шешім қабылдау үшін Құрылтай отырысына шығарылады.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығын туғызған заңды немесе оның жекелеген баптарын қайта талқылап, дауысқа салу қарсылық жіберілген күннен басталатын және келесі айдың тиісті күнінде (көрсетілген күні) аяқталатын бір ай мерзімде өткізіледі. Егер мерзімнің аяқталуы тиісті күні көрсетілмеген айға тұспа-тұс келсе, онда мерзім сол айдың соңғы күнінде аяқталады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабының 4-тармағында және 60-бабының 2 және 4-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, егер бір ай мерзім уақыты жағынан Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабының 3-тармағында белгіленген Құрылтай жұмысының сессия өтетін кезеңімен сәйкес келмесе, бұл мерзім үзіледі. Бұл мерзімнің сақталмауы Қазақстан Республикасының Президенті қарсылығының қабылданғанын білдіреді.

3. Құрылтайда қарсылықты қарау барысында Қазақстан Республикасының Президенті депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, заңның тұтастай не оның жекелеген баптарының өз қарсылығында ұсынған редакциясын өзгертуге құқылы.

4. Құрылтай отырысында заң немесе оның жекелеген баптары қайта талқыланып, дауысқа салынған кезде, егер Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығы тұтастай заңға қатысты туындаса, тұтастай заң бойынша не Президенттің қарсылығын туғызған оның жекелеген баптары бойынша дауысқа салу өткізіледі.

5. Егер Құрылтай конституциялық заң немесе оның жекелеген баптары бойынша депутаттардың жалпы санының төрттен үшінші дауысымен, ал заң немесе оның жекелеген баптары бойынша депутаттардың жалпы санының үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға немесе заңға қол қояды.

6. Егер Қазақстан Республикасы Президентінің қарсылығы еңсерілмесе, конституциялық заң немесе заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп саналады.

25-бап. Заң жобаларын қабылдамай тастау

1. Құрылтай заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен тұтастай қабылдамай тастауға құқылы. Заң жобасы оны қараудың кез келген сатысында қабылданбай тасталуы мүмкін. Қабылданбай тасталған заң жобасы қабылданбады деп саналады және бастамашыға қайтарылады.

2. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы. Бұл мәселе сенім білдіру мәселесі қойылғаннан бастап қырық сегіз сағаттан кейін ғана дауысқа салынады. Егер

сенімсіздік вотумы туралы ұсыныс Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысын алмаса, заң жобасы дауысқа салынбай қабылданды деп саналады. Алайда Үкімет бұл құқықты жылына екі реттен артық пайдалана алмайды.

Ағымдағы жыл (1 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы) осы тармақтың бірінші бөлігіне катысты "жыл" деген уақыт кезеңі ретінде түсініледі.

26-бап. Заң жобаларын кері қайтарып алу

Қазақстан Республикасының Президенті, Құрылтай депутаттары, Үкімет және Қазақстан Халық Кеңесі заң шығару бастамасымен өздері енгізген заң жобасын Құрылтайдан оны қараудың кез келген сатысында кері қайтарып алуға құқылы.

Заң жобасын кері қайтарып алу тәртібі Құрылтай Регламентінде айқындалады.

5-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАРЫН ТАҒАЙЫНДАУҒА КЕЛІСІМ БЕРУ, ЖОҒАРҒЫ СОТ СУДЬЯЛАРЫН САЙЛАУ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУ, СОНДАЙ-АҚ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ СУДЬЯЛАРЫН ЖӘНЕ ЖОҒАРҒЫ СОТ СУДЬЯЛАРЫН ҚОЛ СҰҒЫЛМАУ КЕПІЛДІГІНЕН АЙЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫ

27-бап. Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарын тағайындауға Құрылтайдың келісім беруі

1. Құрылтайдың келісімімен Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының тізбесі Қазақстан Республикасының Конституциясында айқындалады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Вице-Президентін, Премьер-Министрін, Конституциялық Сотының судьяларын, Орталық сайлау комиссиясының және Жоғары аудиторлық палатасының мүшесін тағайындауға Құрылтайдың келісімін алу үшін Құрылтайға жазбаша ұсыну енгізеді, солардың негізінде тиісті мәселені Құрылтайдың таяудағы отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешім қабылданады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кандидатурасын Құрылтайда өкілдігі бар саяси партиялар фракцияларымен консультациядан кейін енгізеді.

3. Осы баптың 2-тармағында аталған Қазақстан Республикасының лауазымды адамдарын тағайындауға Құрылтайдың келісімі Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен беріледі.

Құрылтай отырысында лауазымға тағайындауға келісім беру туралы мәселе қаралған кезде кандидатураларды Қазақстан Республикасының Президенті немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

4. Конституциялық Сот судьяларының, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерінің лауазымдарына кандидатуралар Құрылтай

отырысында қаралғанға дейін Құрылтай Бюросының шешімімен айқындалатын Құрылтайдың тиісті тұрақты комитетінің отырысында талқылануға тиіс. Талқылау нәтижесі бойынша комитет Құрылтай отырысында жария етілетін қорытынды шығарады.

5. Құрылтай Президент ұсынған кандидатураларды тағайындауға келісім беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда Президент Құрылтайға сол адамдар немесе жаңа кандидатуралар бойынша жазбаша ұсыну енгізеді.

Конституцияның 62-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Вице-Президентті, Премьер-Министрді, Конституциялық сот судьяларын, Орталық сайлау комиссиясы мен Жоғары аудиторлық палата мүшелерін тағайындауға келісім беруден қайта бас тартылған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайды таратуға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайдың келісімімен тағайындайтын Қазақстан Республикасы лауазымды адамдарының кандидатуралары бойынша Құрылтайдың шешімі, егер Құрылтай дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, әр кандидатура бойынша ашық дауыс беру арқылы жеке қабылданады және қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған кандидатураларды тағайындауға келісім беруден бас тарту туралы Құрылтайдың шешімі қабылдамай тастау себептерінің толық уәждемесін қамтуға тиіс.

28-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және лауазымынан босату

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын Құрылтай Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Құрылтай отырысында депутаттардың жалпы санының көпшілік дауысымен сайлайды және лауазымынан босатады.

Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайға жазбаша ұсыну енгізеді, солардың негізінде тиісті мәселені Құрылтайдың жақын уақыттағы отырысының күн тәртібіне енгізу туралы шешім қабылданады.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және лауазымынан босату үшін ұсынылған кандидатуралар Құрылтай отырысында қаралғанға дейін Құрылтай Бюросының шешімімен айқындалатын Құрылтайдың тиісті тұрақты комитетінің отырысында талқылануға тиіс. Талқылау нәтижесі бойынша комитет Құрылтай отырысында жария етілетін қорытынды шығарады.

3. Құрылтай отырысында мәселені қарау кезінде кандидатураны Қазақстан Республикасының Президенті немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

4. Құрылтай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау туралы шешім қабылдамаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайға сол адамдар немесе жаңа кандидатуралар бойынша жазбаша ұсыну енгізеді.

Құрылтай Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын лауазымынан босату туралы шешім қабылдамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Президенті Құрылтайға осы мәселе бойынша қайта ұсыну енгізуге құқылы.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын сайлау және лауазымынан босату жөніндегі Құрылтайдың шешімі, егер Құрылтай дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, Құрылтай депутаттарының жалпы санының көпшілік дауысымен әр кандидатура бойынша ашық дауыс беру арқылы жеке қабылданады және қаулымен ресімделеді.

Қазақстан Республикасының Президенті сайлау немесе лауазымынан босату үшін ұсынған кандидатураларды қабылдамай тастау туралы шешім қабылдамай тастау себептерінің толық уәждемесін қамтуға тиіс.

29-бап. Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қол сұғылмау кепілдігінен айыру

1. Конституциялық Сот судьяларын, Жоғарғы Сот судьяларын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оларды өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Конституциялық Сот судьясын, Жоғарғы Сот судьясын ұстауға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін Бас Прокурор Құрылтайға ұсыну енгізеді. Ұсыну Конституциялық Сот судьясын, Жоғарғы Сот судьясын күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы қаулымен таныстырудың, ұстаудың, оны күзетпен ұстауға санкция беру туралы өтінішхатпен сотқа жүгінудің, ұйқамаққа алудың, күштеп әкелудің, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізіледі.

Бас Прокурордың ұсынуы келіп түскен күнінен бастап екі аптадан кешіктірілмей қаралады және Құрылтай тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы. Құрылтай уәжді шешім қабылдайды және оны Бас Прокурорға және анықтау мен алдын ала тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның басшысына үш жұмыс күні ішінде жібереді. Конституциялық Сот судьясы, Жоғарғы Сот судьясы өзіне ешкімнің тиіспеуі туралы мәселені Құрылтай қараған кезде қатысуға құқылы.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себебі Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Конституциялық Сот судьясы, Жоғарғы Сот судьясы қылмыс орнында ұсталған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда, оған қатысты сотқа дейінгі

тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып жалғастырылуы мүмкін.

Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

6-тарау. ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ҮКІМЕТПЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

30-бап. Үкімет мүшелерін тағайындау үшін кандидатуралар бойынша Құрылтаймен консультация өткізу

1. Үкімет мүшелерін тағайындау үшін Қазақстан Республикасының Президентіне Премьер-Министр ұсынатын кандидатуралар бойынша Құрылтаймен оның тиісті тұрақты комитеттерінде консультация өткізіледі.

2. Тұрақты комитеттің отырысында консультация өткізу кезінде тағайындау үшін кандидатураларды Премьер-Министр немесе ол уәкілеттік берген лауазымды адам ұсынады.

3. Консультация нәтижесінде тұрақты комитет талқыланатын әрбір кандидатура бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытынды шығарады.

31-бап. Үкімет мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есебі

Құрылтай депутаттары жалпы санының кемінде үштен бірінің бастамасымен Құрылтай Үкімет мүшелерінің өз қызметі жөніндегі есебін тыңдауға құқылы.

Үкімет мүшесі Қазақстан Республикасының заңдарын орындамаған жағдайда, Үкімет мүшелерінің есебін тыңдау қорытындысы бойынша Құрылтай депутаттардың жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен Қазақстан Республикасының Президентіне оны лауазымынан босату туралы өтініш білдіру жөнінде шешім қабылдауға құқылы. Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Үкімет мүшесін лауазымынан босатады.

32-бап. Премьер-Министрдің Үкімет қызметі туралы баяндамасы

Құрылтай Үкімет қызметінің негізгі бағыттары және оның барлық аса маңызды шешімдері туралы Премьер-Министрдің баяндамасын Құрылтай отырысында тыңдайды.

33-бап. Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру

1. Құрылтай депутаттардың жалпы санының кемінде бестен бірінің бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруге құқылы.

2. Құрылтайдың республикалық бюджеттің атқарылуы туралы Үкімет есебін бекітпеуі Құрылтайдың Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіруі деп саналады.

3. Үкімет енгізген заң жобасы қабылданбаса, Премьер-Министр Құрылтай отырысында Үкіметке сенім білдіру мәселесін қоюға құқылы.

34-бап. Құрылтай депутаттарының заң жобалары мен түзетулеріне Үкіметтің беретін қорытындысы

Құрылтай депутаттары бастамашы болған және Қазақстан Республикасы Конституциясының 60-бабының 6-тармағына сәйкес Үкіметтің оң қорытындысын талап ететін заң жобалары Құрылтайға ресми енгізілгенге дейін Үкімет қорытындысын алуға жіберіледі.

Құрылтайдың қарауындағы заң жобаларына депутаттардың мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін түзетулері Үкіметтің оң қорытындысы болған кезде ғана енгізілуі мүмкін.

Үкімет қорытындыларын ұсыну мерзімі үш айдан аспауға тиіс.

7-тарау. ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ МЕН КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

35-бап. Құрылтайдың тұрақты комитеттері

1. Тұрақты комитеттер Құрылтайдың бірінші сессиясында депутаттар арасынан Құрылтай отырысында құрылады.

Комитеттердің саны мен атауы депутаттардың ұсынысы бойынша айқындалады. Комитеттер саны сегізден аспауға тиіс.

2. Құрылтай төрағасы мен оның орынбасарлары Құрылтайдың тұрақты комитеттерінің құрамына кіре алмайды.

Құрылтай депутаты бір ғана комитеттің мүшесі бола алады.

Тұрақты комитеттер саяси партиялар фракцияларының өкілдігі ескеріліп құрылады.

3. Құрылтай Бюросы тұрақты комитеттер қызметінің бағыттарын айқындайды.

4. Тұрақты комитеттерді қалыптастыру тәртібі мен олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты және осы Конституциялық заңда реттелмеген мәселелер Құрылтай Регламенті арқылы шешіледі.

36-бап. Тұрақты комитеттердің төрағалары

1. Тұрақты комитеттің жұмысына оның төрағасы басшылық етеді.

2. Тұрақты комитеттердің төрағалары, егер Құрылтай дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланады. Шешім әр кандидатура бойынша жеке қабылданады және қаулымен ресімделеді.

Комитеттер төрағаларының лауазымдарына кандидатураларды депутаттар ұсынады.

Құрылтайдағы оппозиция өз депутаттарының арасынан комитеттер төрағаларының лауазымдарына кандидатуралар ұсынуға құқылы.

Құрылтай комитеттерінің бірінің төрағасы осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен Құрылтайдағы оппозициядан ұсынылған депутаттар арасынан сайланады.

3. Тұрақты комитеттің төрағасы комитет мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің бастамасы бойынша Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен лауазымынан кері шақырып алынуы мүмкін.

Комитет төрағасы Құрылтай Төрағасының атына лауазымынан босату туралы өтініш беруге құқылы, егер Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілігі қолдап дауыс берсе, өтініш қабылданды деп саналады.

4. Тұрақты комитет төрағасының бір орынбасары болады, ол комитет мүшелерінің арасынан комитет мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен комитет отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланады.

Комитет төрағасының орынбасары лауазымына кандидатураны комитет мүшелері ұсынады.

Құрылтайдағы оппозиция өз депутаттарының арасынан комитет төрағаларының орынбасарлары лауазымдарына кандидатуралар ұсынуға құқылы.

Құрылтайдың екі комитетінің төрағасының орынбасары осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен Құрылтайдағы оппозициядан ұсынылған депутаттар арасынан сайланады.

Комитет төрағасының орынбасары комитет жұмысын ішкі ұйымдастыру мәселелерін шешеді, комитет төрағасының уәкілеттік беруімен комитет отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ комитет төрағасы орнында болмаған немесе өз міндеттерін жүзеге асыруы мүмкін емес жағдайда оның міндеттерін атқарады.

Комитет төрағасының орынбасары комитет төрағасының немесе комитет мүшелерінің ұсынысы бойынша комитет мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен лауазымынан кері шақырып алынуы мүмкін.

Комитет төрағасының орынбасары комитет төрағасының атына лауазымынан босату туралы өтініш беруге құқылы, егер комитет мүшелерінің көпшілігі қолдап дауыс берсе, өтініш қабылданды деп саналады.

5. Құрылтайдағы оппозициядан ұсынылған депутаттар арасынан сайланған тұрақты комитеттердің төрағасы мен орынбасарлары Құрылтайдың әртүрлі комитеттеріне сайланады.

37-бап. Тұрақты комитеттердің өкілеттіктері

1. Заң жобалау жұмысын жүргізу жөніндегі өкілеттікті іске асыру үшін Құрылтайдың тұрақты комитеті:

- 1) заң жобаларына қорытынды береді;
- 2) Құрылтай Бюросының тапсырмасымен заң жобасы бойынша бас комитет болады, депутаттар мен тұрақты комитеттердің түзетулерін жинақтап қорытады;
- 3) өзі бас комитет болатын заң жобасын қарау үшін жұмыс тобын құруға және оның құрамына заң жобасының бастамашыларын, депутаттарды, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпкерлік субъектілерінің өкілдерін, ғалымдар мен мамандарды тартуға құқылы;
- 4) заң жобасын Құрылтай отырысында қарау туралы Құрылтай Бюросына ұсыныс енгізеді;

5) осы Конституциялық заңға және Құрылтай Регламентіне сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

2. Тұрақты комитет Құрылтай Бюросының шешімі бойынша тыңдау өткізуді дайындайды, сондай-ақ үкімет сағатын өткізеді.

3. Құрылтай немесе оның Бюросы Құрылтайдың құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді алдын ала қарау және дайындау үшін тұрақты комитетті бас комитет ретінде айқындай алады.

4. Тұрақты комитеттер өз құзыретіндегі мәселелер бойынша қызмет нысаны мен әдісін таңдауда еркін болады.

38-бап. Тұрақты комитеттердің отырыстары

1. Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Тұрақты комитеттің отырыстарына тұрақты комитеттің төрағасы немесе комитет төрағасының орынбасары төрағалық етеді.

Комитеттердің отырыстары мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды болады.

Комитеттер отырыстарын комитет төрағасы өз бастамасы бойынша немесе комитет мүшелерінің ұсынысы бойынша шақырады.

2. Тұрақты комитеттердің отырыстары ашық түрде өтеді. Құрылтай Регламентінде көзделген жағдайларда жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Вице-Президенттің, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелерінің, Қазақстан Халық Кеңесі Төрағасының, Ұлттық Банк Төрағасының, Бас Прокурордың, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының, Жоғары аудиторлық палата Төрағасы мен мүшелерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты басшыларының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің Құрылтайдағы өкілдерінің комитеттердің кез келген ашық, сондай-ақ жабық отырыстарына қатысуға және сөз сөйлеуге құқығы бар.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері Құрылтайда аккредиттелген жағдайда комитеттердің ашық отырыстарына қатыса алады.

39-бап. Құрылтай комиссиялары

1. Құрылтай комиссиялары Құрылтай отырысында құрылады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 50-бабының 2 және 3-тармақтарында көзделген Құрылтай өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында Құрылтай арнаулы комиссиялар құрады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 56-бабының 17) және 18) тармақшаларында көзделген Құрылтай өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында Құрылтай уақытша комиссиялар құрады.

3. Комиссиялардың қызметі уақытша сипатта болады және олардың қарауына шығарылған мәселелермен шектеледі.

Құрылтайдың комиссия құру туралы қаулысында оның міндеттері, құрамы және қызмет ету мерзімі айқындалады.

4. Комиссияның жұмысына, егер Құрылтай дауыс берудің өзге тәртібін айқындамаса, Құрылтай депутаттары жалпы санының көпшілік дауысымен Құрылтай отырысында ашық дауыс беру арқылы сайланатын оның төрағасы басшылық етеді.

5. Комиссияларды қалыптастыру тәртібі мен олардың қызметін ұйымдастыруға байланысты және осы Конституциялық заңда реттелмеген мәселелер Құрылтай Регламенті арқылы шешіледі.

8-тарау. ҚҰРЫЛТАЙДАҒЫ ДЕПУТАТТЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР

40-бап. Депутаттық бірлестіктердің түрлері

1. Құрылтай депутаттары саяси партиялардың фракциялары мен депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға құқылы.

Саяси партиялар фракциялары мен депутаттық топтардың өкілеттігі, ұйымдастырылуы мен қызметі, олардың жұмысын қамтамасыз ету Құрылтай Регламентінде айқындалады.

2. Саяси партиялар фракциялары мен депутаттық топтар Құрылтай Бюросында тіркеледі.

41-бап. Саяси партияның фракциясы

1. Саяси партияның фракциясы – тиісті саяси партияның мүдделерін білдіру мақсатында Құрылтайда құрылатын, саяси партиядан өкілдік ететін Құрылтай депутаттарының ұйымдасқан тобы.

Құрылтайда әр саяси партиядан бір ғана фракция құрылуы мүмкін.

2. Саяси партиялар фракцияларының жетекшілеріне, ал олар болмаған жағдайда не олардың уәкілеттік беруімен саяси партиялар фракцияларының өкілдеріне Құрылтайдың, тұрақты комитеттердің, жұмыс топтарының отырыстарында, тыңдау мен өзге де іс-шараларда сөз сөйлеу құқығына кепілдік беріледі.

42-бап. Депутаттық топ

Депутаттық топ – депутаттардың өз өкілеттігін бірлесіп жүзеге асыруға арналған бірлестігі.

Депутаттық топтың құрамында Құрылтайдың кемінде он бес депутаты болуға тиіс.

43-бап. Құрылтайдағы көпшілік және оппозиция

1. Құрылтайдағы көпшілік – Құрылтайда депутаттық мандаттардың ең көп санын алған саяси партия.

2. Құрылтайдағы оппозиция – Құрылтайда өкілдігі бар және Құрылтайдағы көпшілікке кірмейтін, әдетте, әлеуметтік-экономикалық және (немесе) қоғамдық-саяси

мәселелер бойынша көпшілікке қарағанда өзге позиция ұстанатын саяси партия немесе саяси партиялар.

Құрылтайдағы оппозиция жекелеген мәселелер бойынша Құрылтайдағы көпшілік партиясын қолдауы мүмкін.

Саяси партияның фракциясы Құрылтайдағы қай оппозицияға жататынын тіркеу кезінде көрсетеді.

9-тарау. ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

44-бап. Құрылтай депутаты

1. Құрылтай депутатының өкілеттігі оны Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай депутаты ретінде тіркеген кезден басталады.

Депутаттар Қазақстан халқына мынадай ант береді: "Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен Тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін".

Антты Қазақстан Республикасының Президенті өзі айқындайтын тәртіппен қабылдайды.

2. Құрылтай депутатының басқа өкілді органның депутаты болуға, оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін лауазымды атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

Осы талаптарды бұзу Орталық сайлау комиссиясының ұсынуымен депутаттың өкілеттігін тоқтатуға алып келеді.

3. Құрылтай депутатының өкілеттігі депутат орнынан түскен, қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған, депутат саяси партияның басшы органының шешімімен кері шақырып алынған және Қазақстан Республикасының Конституциясы мен осы Конституциялық заңда көзделген өзге де жағдайда тоқтатылады.

4. Құрылтай депутаты:

- 1) Қазақстаннан тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 2) өзіне қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 4) сайланған саяси партиясынан шыққан немесе шығарылған;
- 5) сайланған саяси партиясы қызметін тоқтатқан кезде мандатынан айырылады.

5. Құрылтай депутатының өкілеттігі ол орнынан түскен жағдайда тоқтатылған кезде, сондай-ақ осы баптың 4-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мандатынан айырылған кезде Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай

депутатының өкілеттігін тоқтатуға алып келетін негіздердің басталу фактісін көрсетіп қаулы қабылдайды және Құрылтай депутатының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы ұсынуды Құрылтайға енгізу туралы шешім қабылдайды.

Орталық сайлау комиссиясының ұсынуы негізінде Құрылтай тиісті Құрылтай депутатының өкілеттігін тоқтатады.

6. Құрылтай депутатының өкілеттігі ол қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімімен әрекетке қабілетсіз, қайтыс болған немесе хабарсыз кеткен деп танылған, депутат саяси партияның басшы органының шешімімен кері шақырып алынған жағдайларда тоқтатылған кезде, сондай-ақ осы баптың 4-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша ол мандатынан айырылған кезде Орталық сайлау комиссиясы осы адамның Құрылтай депутатының өкілеттігінен айырылу фактісін көрсетіп қаулы қабылдайды.

7. Құрылтай депутаттарының өкілеттігі Құрылтай таратылған жағдайда тоқтатылады.

45-бап. Депутаттық куәлік және депутаттың төсбелгісі

1. Құрылтай депутатының депутаттық куәлігі мен төсбелгісі болады, бұларды сайланған депутат ретінде тіркелгеннен кейін оған Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы береді.

Депутат депутаттық куәлік пен төсбелгіні өз өкілеттігі мерзімі ішінде пайдаланады.

2. Құрылтай депутатының депутаттық куәлігі және төсбелгісі туралы ережені, олардың үлгілері мен сипаттамасын Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

46-бап. Құрылтай депутатының өкілеттігі

1. Депутат Құрылтай сессияларында және өзі құрамына кіретін оның органдарының отырыстарында қаралатын барлық мәселе бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

2. Құрылтай депутаты:

1) Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарын сайлауға және оларға сайлануға ;

2) Құрылтай отырысының күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні жөнінде ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;

3) Құрылтай сайлайтын және лауазымынан босататын не Құрылтай тағайындауға келісім беретін лауазымды адамдардың кандидатуралары жөнінде өз пікірін айтуға;

4) Құрылтай отырыстарында қарау үшін ұсынылатын мәселелер бойынша Құрылтай Бюросына ұсыныстар енгізуге, ал оның ұсыныстары қабылданбаған жағдайда оларды Құрылтай отырыстарының қарауына енгізуге;

5) Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстарында қарау үшін мәселелер ұсынуға;

6) Құрылтайға есеп беретін лауазымды адамдардың есебін немесе ақпаратын Құрылтай сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізуге;

- 7) депутаттық сауалмен жүгінуге;
- 8) жарыссөздерге қатысуға, баяндамашыларға, сондай-ақ отырысқа төрағалық етушіге сұрақтар қоюға;
- 9) дауысқа салынған мәселе бойынша өз ұсыныстарын негіздеп сөйлеуге, анықтама беруге;
- 10) заң жобаларына түзетулер енгізуге;
- 11) осы Конституциялық заңның 17-бабының 4-тармағында көзделген қаулылар мен өзге де актілердің жобаларына ұсыныстар енгізуге;
- 12) Құрылтай депутаттарын азаматтардың қоғамдық маңызы бар өтініштерімен таныстыруға;
- 13) Құрылтай отырыстарының стенограммаларындағы депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтінімен танысуға;
- 14) осы Конституциялық заңға және Құрылтай Регламентіне сәйкес өзге де өкілеттікті жүзеге асыруға құқылы.

47-бап. Депутаттың Құрылтай жұмысына қатысуы

1. Құрылтай депутаты Құрылтайдың және өзі құрамына кіретін оның үйлестіру және жұмыс органдарының жұмысына қатысуға міндетті.

Құрылтайда депутаттың жеке өзі дауыс беруге тиіс.

2. Құрылтай Төрағасы не тиісінше депутат мүшесі болатын жұмыс органының жетекшісі Құрылтай Регламентінде белгіленген мерзімде Құрылтай отырыстарының, Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдары отырыстарының өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ олардың қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутатқа хабарлайды, оған осы мәселелер бойынша қажетті материалдарды ұсынады.

3. Депутат отырысқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда бұл туралы Құрылтай Төрағасына не тиісінше Құрылтайдың жұмыс органының жетекшісіне күні бұрын хабарлайды.

4. Депутат Құрылтай мен оның үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаса, сол сияқты дауыс беру құқығын басқаға берсе, бұл Конституциялық заңда белгіленген жазалау шараларын қолдануға алып келеді.

5. Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарының құрамына кіретін депутат кез келген мәселелер мен ұсыныстарды олардың қарауына енгізуге, мәселелерді қарауға дайындауға, талқылауға және олар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ қабылданған шешімнің жүзеге асырылуын ұйымдастыруға, олардың орындалуын бақылауға қатысуға құқылы.

Өзі құрамына кіретін Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарының шешімімен келіспеген депутат Құрылтай отырысында өз көзқарасын баяндауға не ол туралы төрағалық етушіге жазбаша түрде хабарлауға құқылы.

6. Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарының құрамына кірмейтін депутат көрсетілген органдардың отырыстарына қатысып, ұсыныстар енгізе алады, қаралатын мәселелерді талқылауға және кеңесші дауыс құқығымен шешім қабылдауға қатыса алады.

Депутат Құрылтайдың үйлестіру және жұмыс органдарының шешімімен келіспеген жағдайда өз ұсыныстарын заң жобасына, қаулы жобасына түзетулер ретінде енгізе алады. Депутат енгізген түзетулер Құрылтай отырысында қаралады және олар дауысқа салынады.

48-бап. Депутаттық сауалдар мен сұрақтар

1. Депутаттық сауал – Құрылтай отырысында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына осы органның немесе лауазымды адамның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Құрылтай сессиясында негізделген түсіндірме беруін немесе өз ұстанымын баяндауын ресми сұраған талабы.

2. Құрылтай депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметі мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы мен мүшелеріне, астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне сауал жолдауға құқығы бар.

Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыру мәселелеріне қатысты бола алмайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына жолданған сауалдарды қарау Құрылтайдың жабық отырыстарында жүргізіледі.

3. Сауал Құрылтай отырысында жария етілуге тиіс.

Депутат сауалда өзі жүгінетін лауазымды адамды және күтілетін жауаптың нысанын көрсетеді.

4. Өздеріне сауал жолданған лауазымды адамдар ол жөнінде Құрылтай Регламентінде көзделген тәртіппен жауап беруге міндетті. Сауалға жауап бір айдан аспайтын мерзімде ұсынылады.

5. Депутаттың талап етуі бойынша сауалға берілетін жауапты лауазымды адам Құрылтай отырысында жария етеді. Сауалға берілген жауап бойынша жарыссөз өткізілуі мүмкін.

Қажет болған кезде сауалға берілген жауап және оны талқылау нәтижелері бойынша Құрылтай қаулысы қабылданады. Сауал мен оған берілген жауап бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

6. Депутаттар Құрылтай отырысында Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметі мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық

қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы мен мүшелеріне ауызша сұрақтар қоюға құқылы.

49-бап. Құрылтай депутатының лауазымды адамдардың тарапынан кідіртпей қабылдануға құқығы

1. Депутаттық қызмет мәселелері бойынша Құрылтай депутатының мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекеттік ұйымдарға кедергісіз кіруіне құқығы, сондай-ақ олардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдарының тарапынан оның кідіртпей қабылдануға құқығы бар.

2. Қызметі мемлекеттік құпиялармен байланысты ұйымдарға депутаттың бару тәртібі заңда белгіленеді.

50-бап. Құрылтай депутаттарының қызметін ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету

1. Құрылтай Аппараты депутатты Құрылтай, оның үйлестіру және жұмыс органдары қабылдаған актілермен, сондай-ақ ресми таратылатын ақпараттық және анықтамалық материалдармен қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар, олардың лауазымды адамдары депутатқа оның депутаттық қызметінде туындаған мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсетеді.

51-бап. Құрылтай депутаттарының қызметін материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық жағынан қамтамасыз ету

1. Құрылтай депутаттарына жалақы Қазақстан Республикасы Конституциясының 65-бабының 8) тармақшасында көзделген тәртіппен белгіленеді.

2. Құрылтайдың кезекті сессиялары аралығында депутаттарға екі лауазымдық айлық мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік отыз күн болатын, ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы беріледі.

3. Қазақстан Республикасының астанасынан тыс жерде тұратын депутаттарға олардың өкілеттік мерзіміне тегін пайдалану шартымен мемлекеттік тұрғын үй қорынан және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша тұрмысқа жайлы және жиһазбен жабдықталған тұрғын үй беріледі.

4. Құрылтай депутаттарының өз сайлаушыларымен өзара қарым-қатынас жасауы, оларды Құрылтай қызметі туралы жүйелі түрде хабардар етіп отыруы, Құрылтайдың, оның үйлестіру және жұмыс органдарының тапсырмаларын орындауы үшін әрбір депутатқа:

1) көлікпен жол жүру құжаттарын кезектен тыс алу;

2) Қазақстан Республикасы аумағы бойынша іссапарға шығып тұру құқығы беріледі. Бұл ретте іссапар шығыстары Қазақстан Республикасы Конституциясының 65-бабының 8) тармақшасында көзделген тәртіппен бөлінетін қаражаттан өтеледі.

5. Құрылтай, оның үйлестіру және жұмыс органдарының тапсырмаларын орындау үшін депутат іссапарға жіберілген жағдайда оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нормалар бойынша іссапар шығыстары төленеді.

6. Құрылтай депутаттарына Қазақстан Республикасының астанасы шегінде автомобиль көлігімен қызмет көрсету, оларға емдеу-сауықтыру және санаторий-курорт қызметін көрсету Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Құрылтай депутатының өкілеттік мерзімі аяқталған соң, сондай-ақ ол орнынан түскен немесе Құрылтай таратылған жағдайда және жұмысқа орналасқан немесе зейнеткерлік жасқа жеткен кезге дейін оған ай сайын орташа айлық жалақысы мөлшерінде, бірақ өкілеттігі тоқтатылған немесе орнынан түсу туралы өтініш қанағаттандырылған күннен бастап үш айдан аспайтын уақытқа жәрдемақы төленеді.

52-бап. Құрылтай депутатының өкілеттігін жүзеге асыруына кепілдіктер

1. Депутаттық міндеттерін атқаруына бөгет жасау мақсатында депутатқа немесе оның жақын туыстарына қандай түрде болмасын ықпал жасау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

2. Мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың депутат алдындағы өз міндеттерін орындамайтын, оған көрінеу жалған ақпарат беретін, депутаттық қызметтің кепілдіктерін бұзатын лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

53-бап. Депутатқа ешкімнің тиіспеуі

1. Құрылтай депутатын қылмыс орнында немесе ауыр және аса ауыр қылмыс жасағанда ұстау жағдайларын қоспағанда, оны өз өкілеттігі мерзімі ішінде Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалауға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

2. Депутатты ұстауға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, сот тәртібімен қолданылатын әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім алу үшін Бас Прокурор Құрылтайға ұсыну енгізеді, мұны Құрылтай отырысында қарауға дайындау үшін Құрылтай Орталық сайлау комиссиясына жібереді. Ұсыну депутатты күдіктінің іс-әрекеттерін саралау туралы қаулымен таныстырудың, ұстаудың, оны күзетпен ұстауға санкция беру туралы өтінішхатпен сотқа жүгінудің, ұйқамаққа алудың, күштеп әкелудің, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі сотқа жіберудің алдында енгізіледі.

Бас Прокурордың ұсынуы және Орталық сайлау комиссиясының қорытындысы келіп түскен күнінен бастап екі апта мерзімнен кешіктірілмей қаралады және Құрылтай тиісті лауазымды адамдардан қосымша ақпарат беруді талап етуге құқылы. Құрылтай уәжді шешім қабылдайды және оны Бас Прокурорға және анықтау мен алдын ала тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органының басшысына үш жұмыс күні ішінде жібереді. Депутат өзіне ешкімнің тиіспеуі туралы мәселені Құрылтай қараған кезде қатысуға құқылы.

3. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу себебі Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелгеннен кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімімен ғана жалғастырылуы мүмкін. Құрылтай депутаты қылмыс орнында ұсталған не ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Бас Прокурордың келісімін алғанға дейін, бірақ бір тәулік ішінде оны міндетті түрде хабардар ете отырып жалғастырылуы мүмкін.

Істі тергеп-тексеру барысында заңдылықтың сақталуын қадағалауды Бас Прокурор жүзеге асырады.

4. Орталық сайлау комиссиясы іс бойынша шешім қабылдаған тиісті соттан Құрылтай депутатын айыптау бойынша істі қарау нәтижелері туралы ақпаратты сұратып алады және оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайда, Құрылтайға депутаттық мандаттан айыру туралы ұсыну енгізеді.

54-бап. Депутатқа қолданылуы мүмкін жазалау шаралары

1. Депутат Құрылтайдың, оның үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз үш реттен артық қатыспаған жағдайда, оған қатыспаған күндері үшін жалақы төлеуден бас тартылады.

Депутат Құрылтай, оның үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстарына дәлелді себепсіз бір айдан артық қатыспаған жағдайда, депутатқа қатыспаған мерзім үшін:

- 1) жалақы төлеуден;
- 2) көлікпен жол жүру құжаттарын кезектен тыс алудан;
- 3) іссапарларға шығып тұрудан;
- 4) іссапар шығыстарын өтеуден;
- 5) автомобиль көлігімен қызмет көрсетуден;
- 6) емдеу-сауықтыру және санаторий-курорт қызметін көрсетуден бас тартылады.

Бұл туралы шешімді депутат Құрылтай отырысына қатыспаған кезде – Құрылтай Төрағасы, ал Құрылтай органдарының отырыстарына қатыспаған кезде Құрылтай Бюросы қабылдайды.

2. Депутат өзінің дауыс беру құқығын басқаға берген кезде Құрылтай Бюросының шешімімен оған дауыс беру құқығын басқаға берген күн үшін жалақы төлеуден, ал дауыс беру құқығын басқаға қайта берген жағдайда бір айлық жалақысын төлеуден бас тартылады.

3. Осы Конституциялық заңда, Құрылтай Төрағасының шешімінде белгіленген депутаттық әдеп қағидаларын бұзған жағдайда депутатқа мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

- 1) мінеу;
- 2) көпшілік алдында кешірім сұрауға мәжбүр ету;

- 3) Құрылтайдың бір отырысында сөз бермеу;
- 4) Құрылтайдың үш отырысында сөз бермеу;
- 5) Құрылтайдың бір отырысы уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 6) Құрылтайдың үш отырысы уақытына отырыс залынан шығарып жіберу;
- 7) бір күндік жалақысынан айыру.

4. Депутаттарға аталған шараларды қолдануға байланысты мәселелерді Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы дайындайды. Құрылтайдың, оның үйлестіру және жұмыс органдарының отырыстарына депутаттардың келуін, сондай-ақ депутаттың өз дауысын басқаға бермеуін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшелері бақылайды.

5. Құрылтай депутаттарына осы бапта көзделген жазалау шараларын қолдану туралы мәселеге Құрылтайда өкілдігі бар, құрамына депутаттар кіретін саяси партиялардың фракциялары бастамашы болуы мүмкін.

10-тарау. ДЕПУТАТТЫҚ ӘДЕП

55-бап. Депутаттық әдеп қағидалары

1. Құрылтай депутаттарының депутаттық әдеп қағидаларында олар депутаттық өкілеттігін атқарған кезде, сондай-ақ оны атқармаған кезде басшылыққа алуға тиіс мінез-құлық нормалары айқындалады. Бұл нормалар мынадай:

1) бір-біріне және Құрылтайдың, оның үйлестіру, жұмыс және консультативтік-кеңесші органдарының, депутаттық бірлестіктердің жұмысына қатысатын барлық басқа да адамдарға сыйластықпен қарау;

2) сөйлеген сөздерінде депутаттардың және басқа да адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін негізсіз айыптауды, дөрекі, қорлайтын сөздерді қолданбау;

3) заңсыз және күш қолданатын әрекеттерге шақырмау;

4) Құрылтайдың, оның үйлестіру, жұмыс және консультативтік-кеңесші органдарының, депутаттық бірлестіктердің қалыпты жұмысына кедергі келтірмеу;

5) Құрылтайдың, оның үйлестіру, жұмыс және консультативтік-кеңесші органдарының отырысында сөз сөйлеуді жеке өтініші мен депутаттық өкілеттікті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де өтініш үшін пайдаланбау;

6) сөйлеушінің сөзін бөлмеу;

7) басқа адамдардың сөзіне түсініктеме бермеу;

8) өз әрекеттерімен намысқа тиетін қимыл-ишарат жасауға, сес көрсетуге және қорлауға жол бермеу.

2. Депутат мемлекеттік және заңмен қорғалатын өзге де құпиялары бар ақпаратты ондай құпияларды сақтаудың белгіленген тәртібін сақтай отырып пайдалануға міндетті

Депутаттық өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өзіне белгілі болған мәліметтер Құрылтайдың, оның үйлестіру және жұмыс органдарының жабық отырыстарында қаралған мәселелерге қатысты болса, депутат бұл мәліметтерді жария ете алмайды.

3. Депутат депутаттық бланкілерді тек ресми сауалдар, хаттар, құжаттар үшін ғана пайдаланып, оларға өзі қол қоюға міндетті.

4. Құрылтайдың атынан өкілдік етуге арнаулы өкілеттігі жоқ депутат басқа мемлекеттердің лауазымды адамдарымен және мемлекеттік органдарымен тек өз атынан ғана қарым-қатынас жасай алады.

Бұл ретте депутат Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның азаматтарының құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауға, өз әрекеттерімен Қазақстан Республикасының мүдделеріне нұқсан келтірмеуге, сол сияқты басқа мемлекеттердің заңдарын бұзбауға, оларда тұратын халықтардың ұлттық дәстүрлері мен салттарын құрметтеуге міндетті.

5. Депутат масс-медида, баспасөз конференцияларында, митингілерде, өзге де көпшілік алдында сөйлеген сөздерінде немесе мәлімдемелерінде анық және тексерілген фактілерді ғана пайдалануға, қоғамдық пікірді бұрмалайтын пайымдауға жол бермеуге, кез келген адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын сөздерді қолданбауға міндетті.

Сынап сөйлеген сөздерінде шындыққа үйлеспейтін не тексерілмеген фактілерді қасақана немесе абайсызда қолданып қалған жағдайда, мүдделері мен намысына нұқсан келген ұйымдардан, органдар мен адамдардан көпшілік алдында кешірім сұрау – депутаттың парызы.

6. Депутаттық әдеп қағидаларын бұзған депутатқа осы Конституциялық заңға сәйкес жазалау шаралары қолданылады.

56-бап. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңес

1. Депутаттар депутаттық әдеп қағидаларын бұзған жағдайда оларға жазалау шараларын қолдану жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін Құрылтай Төрағасының жанынан кеңесші орган – Депутаттық әдеп жөніндегі кеңес құрылады.

2. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, осы Конституциялық заңды және Құрылтай Регламентін басшылыққа алады.

3. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңес:

1) депутаттардың масс-медидадағы және онлайн-платформалардағы сұхбаттарына, мақалаларына және басқа да жария сөздеріне депутаттық әдеп қағидаларын бұзу белгілерінің бар-жоғы тұрғысынан мониторингті жүргізеді;

2) депутаттардың мінез-құлқына жеке және заңды тұлғалардың шағымдарын қарайды;

3) депутаттардың депутаттық әдеп қағидаларын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

4) депутаттық әдеп қағидаларын бұзу фактілеріне жол бермеу мақсатында депутаттармен профилактикалық және түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

5) депутаттық әдеп қағидаларын бұзуға болмайтынын назарына салады;

6) Құрылтай Төрағасына материалдарды Орталық сайлау комиссиясына беру туралы ұсыным енгізеді;

7) депутаттар депутаттық әдеп қағидаларын бұзған жағдайда, оларға жазалау шараларын қолдану жөнінде Құрылтай Төрағасына ұсыныс енгізеді;

8) өз қызметі барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

4. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

5. Депутаттық әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастырудың өзге де мәселелері Құрылтай Регламенті арқылы шешіледі.

11-тарау. ҚҰРЫЛТАЙ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

57-бап. Құрылтай қызметін қаржыландыру

Құрылтай қызметі республикалық бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

58-бап. Құрылтай Аппараты

1. Қазақстан Республикасының жоғары өкілді органы ретінде Құрылтайдың қызметін ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзге де жағынан оның Аппараты қамтамасыз етеді.

2. Құрылтай Аппаратының штат саны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады. Құрылтай Аппаратының құрылымын Құрылтай Бюросы айқындайды.

3. Құрылтай Аппаратының қызметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Құрылтай өкілеттігі мерзімдерінің аяқталуына байланысты Құрылтай таратылған және жоғары өкілді орган депутаттарының жаңа құрамы сайланған жағдайда Аппараттағы мемлекеттік қызметшілердің қызметі тоқтатылмайды.

5. Құрылтай Аппаратының қызметкерлері мәртебесі, жалақы мөлшері мен деңгейі, материалдық, қаржылық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етудің өзге де жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының тиісті қызметкерлеріне теңестіріледі.

12-тарау. ӨТПЕЛІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

59-бап. Өтпелі ережелер

1. Құрылтай – Қазақстан Республикасы Парламентінің құқықтық мирасқоры.

2. Осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілген заң жобаларын Құрылтай осы Конституциялық заңға және Құрылтайдың Регламентіне сәйкес қарайды.

3. Құрылтай Аппараты – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының құқықтық мирасқоры. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аппараты Құрылтай Аппараты қалыптастырылғанға дейін өз қызметін жалғастырады.

60-бап. Осы Конституциялық заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Конституциялық заң 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Конституциялық заң қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1) "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының;

2) "Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы" 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ